

## **«Ұстазым менің,ұстазым!» Мерекелік іс – шара**

### **Анықтама**

2021-2022 оку жылындағы жоспарға сәйкес бөбекжайда ұстаздар күніне орай « Ұстазым менің,ұстазым» атты мерекелік іс – шара ұйымдастырылды. Мерекелік іс – шарасы « Балбөбек » бөбекжай – балабақшасында 10 жылдан бері тәрбиешілік қызмет атқарып келе жатқан ұстаз Бозжанова Айгүл апай кездесуге шақырылды.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей бұл кісі бар өмірін бала тәрбиесіне арнап келеді, әр баланың бойына тәрбие мен білімнің нәрін қатар құя білген мықты маман, білікті ұстаз. Қазінгі танда ол кісі тәрбиеші, шаңырактың ұйытқысы, немерелерінің ақылшысы болып жүрген бақытты әже.

Айгүл апай бөбекжай ұстаздарымен және бұлдіршіндермен кездесіп қызықты әңгімелерімен бөлісіп, балаларға ақ тілегін жаудырып, батасын берді. Балалар мерекеге орай, ардақты ұстазға арнап әннен шашу шашып, ұстаз туралы тақпактар айтып берді.

Айгүл апай кәсіподак тәрайымы қызметін тәрбиешілікпен қатар атқарғандықтан, аудандық кәсіп одак тарапынан ұстазға сый-сияпат көрсетіліп, мерекелік кеш сонында естелікке суретке тұсті.